

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 396 Қаулысы.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270; 08.06.2017 № 350 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

"Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 шілдедегі Z010222_ Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270; 08.06.2017 № 350 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты дипломының сипаттамасы;

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты омырауға тағатын белгісінің сипаттамасы;

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты куәлігінің сипаттамасы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270; 08.06.2017 № 350 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 3 сәуірдегі
N 396 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының
Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс
сыйлығының лауреаты дипломының
СИПАТТАМАСЫ**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270 Қаулысымен.

Ескерту. Сипаттаманың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 08.06.2017 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты дипломының негізі (бұдан әрі - Диплом) мөлшері 335 x 115 миллиметр қоңыркүрең түсті терімен қапталған, "Астра Люкс" тұрпатты қағаз-картоннан дайындалады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270 Қаулысымен.

2. Дипломның сыртқы бетінде алтын түсті "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы лауреатының дипломы" деген жазу орналасады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270 Қаулысымен

3. Дипломның ішкі жағы ақ түсті атлас материалымен тартылған.

4. Дипломның қосымша беті мөлшері 310 x 110 миллиметр ақ түсті қағаздан дайындалады.

5. Қосымша беттің сыртқы бетінің ортасына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы орналасады.

6. Дипломның қосымша бетінің айқармасындағы мәтіні қазақтың ою-өрнегімен безендіріледі әрі алтын және көк бояумен трафарет тәсілімен басылады. Қосымша беттің сол жағында мемлекеттік тілдегі мазмұны, ал оң жағында тиісінше орыс тіліндегі мазмұны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 3 сәуірдегі
N 396 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының
Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының
лауреатының омырауға тағатын белгісінің
СИПАТТАМАСЫ**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270 Қаулысымен.

Ескерту. Сипаттаманың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 08.06.2017 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты омырауға тағатын белгісі диаметрі - 38 мм, тағаны - 35 мм медаль түрінде жасалған. Тағанның төменгі бөлігінде қазақтың ою-өрнегі орналасқан.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270 Қаулысымен.

2. "АВЕРС" жағында күн және бүркіт орналасқан, айналасында оқиғаның ерекше салтанаттылығын білдіретін лавр бұтақшасы бейнеленген.

3. "РЕВЕРС" жағында қазақ және орыс тілдерінде:

"Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің -

Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс
сыйлығының лауреаты"

"Лауреат государственной премии
мира и прогресса Первого Президента
Республики Казахстан - Лидера Нации"
деген жазу орналасады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 3 сәуірдегі
N 396 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының
Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс
сыйлығының лауреаты куәлігінің
СИПАТТАМАСЫ**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270
Қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. Сипаттаманың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 08.06.2017 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты куәлігінің негізі (бұдан әрі - Куәлік)

мөлшері 190 x 65 миллиметр қоңыркүрең түсті терімен қапталған "Астра Люкс" тұрпатты қағаз-картоннан дайындалады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270

Қаулысымен.

2. Куәліктің сыртқы жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы, оның төменгі жағында алтын түсті "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы лауреатының куәлігі" деген жазу орналасады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270 Қаулысымен

3. Куәліктің мәтіні ішкі жағында көк бояумен трафареттік тәсілмен басылады. Куәліктің сол жағында мемлекеттік тілдегі мазмұны, ал оң жағында тиісінше орыс тіліндегі мазмұны көрсетіледі.

4. Куәліктің айқарма бетінің оң жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы орналасады. Сол жағында - Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы лауреатының фотосуреті.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1270

Қаулысымен.